



БУЛАНДЫ АОРАРАТ

Аудандық қоғамдық-саяси газет
Районная общественно-политическая газета

№ 11 (513)
20.03.2026

Аудан әкімі А. Смайыловтың Наурыз мейрамымен құттықтауы

Құрметті аудан тұрғындары!
Баршаңызды Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын! Наурыз мейрамы бейбітшілік пен жақсылықты бейнелейтін қуаныш пен сүйіспеншілікке толы, терең философиялық мәні мен жалпы әлемдік мәдени маңызы бар мереке. Бұл мереке жаңа өмірдің жаңаруы мен пайда болу циклін білдіреді. Наурыз-бұл біздің бай рухани мұрамыздың, бірегей ұлттық коддымыздың және ұрпақтардың ажырамас байланысының жарқын символы. Наурыз мейрамы біздің өмірімізге жасампаздық пен дамудың жаңа энергиясын әкеледі, сонымен қатар, еліміздегі достықты, өзара сыйластық пен келісімді нығайтуға ықпал етеді. Халықтың бірлігі – біздің ең жоғарғы құндылығымыз.
Құрметті жерлестер!
Осы тамаша кектем мерекесі қарсаңында сіздерге мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, қуаныш пен береке тілейміз!

Дорогие жители нашего района!

От всей души поздравляю вас с одним из самых ярких и долгожданных праздников - Наурызом! Это не только начало нового года по солнечному календарю, но и время обновления, гармонии и благополучия.

Наурыз объединяет нас, дает возможность взглянуть в будущее с надеждой и верой в лучшее. Пусть в этот светлый день в вашем доме всегда будет уют, а сердца наполнятся радостью и любовью. Желаю вам здоровья, счастья, благополучия и благоденствия! Пусть этот год принесет вам множество приятных сюрпризов, успехов в делах и ярких моментов жизни.

С праздником, дорогие буландынцы! Пусть Наурыз принесет в каждый дом тепло, свет и мир!

Н. СЕКСЕНОВ, председатель районного маслихата.

Дорогие земляки!

От всей души поздравляю вас с праздником Наурыз мейрамы - символом обновления, мира и созидания!

Этот светлый праздник, уходящий корнями в глубокую древность, олицетворяет пробуждение природы, начало новой жизни и укрепление единства нашего народа. Наурыз объединяет людей разных поколений и национальностей, напоминая нам о важности взаимного уважения, добрососедства и согласия.

Пусть в каждом доме царят счастье, благополучие и достаток, а сердца наполняются теплом и надеждой. Желаю вам крепкого здоровья, успехов во всех начинаниях и уверенности в завтрашнем дне.

С уважением, депутат Акмолинского областного маслихата К. МЕНДЫБАЕВА.

Құрметті буландылықтар және аудан қонақтары!

2026 жылдың 21 наурызы күні сағат 11.00-де Макинск қаласының орталық алаңында Наурыз мейрамына арналған мерекелік іс-шара өтеді. Бағдарламада: түрлі сайыстар, спорттық ойындар, мерекелік концерттік бағдарлама.

Келіңіздер! Көріңіздер!

Уважаемые буландынцы и гости района!

21 марта 2026 года в 11.00 часов на центральной площади г. Макинска состоятся народные гулянья, посвященные празднованию весны и равноденствия – Наурыз мейрамы. В рамках программы: конкурсы, спортивных соревнований, организация праздничной концертной программы.

Ждем всех желающих!



Сплоченность. Активность. Неравнодушие

В минувшее воскресенье в стране прошел республиканский референдум, который показал сплочённость и активную гражданскую позицию населения. Для каждого жителя это был шанс выразить своё мнение и внести вклад в решение вопросов, имеющих значение для общего будущего. День голосования стал наглядным свидетельством того, как гражданская ответственность и участие в жизни общества объединяют людей вокруг общих целей. В нашем районе референдум прошёл активно: жители приходили на участки и делали свой осознанный выбор.

Представляем читателям репортаж о ходе голосования на разных участках референдума.

РАШИДА АПАЙ ПРОГОЛОСОВАЛА В ДЕНЬ СВОЕГО 98-ЛЕТИЯ



Жительница города Макинска Ахметшина Рашида Давлетшиновна в день референдума отметила особенную дату - свой 98-й день рождения. Несмотря на почтенный возраст, она проявила активную гражданскую позицию и приняла участие в голосовании.

По состоянию здоровья Рашида Давлетшиновна проголосовала на дому. В этот день её навестили члены избирательной комиссии, которые обеспечили возможность сделать свой выбор, не выходя из дома. Визит стал не только важной частью избирательного процесса, но и тёплой встречей.

Поздравить долгожительницу с

днём рождения также пришли председатель районного Совета ветеранов Бигайша Туртанова и руководитель районного отдела занятости и социальных программ Абылай Жакупбеков. Гости выразили именные искренние слова уважения и благодарности за её жизненный путь, пожелали крепкого здоровья, благополучия и долгих лет жизни, вручили памятный подарок.

Такие примеры показывают, что любовь к родной стране и неравнодушие к её будущему не имеют возраста. Активная жизненная позиция Рашиды Давлетшиновны - яркий пример для молодого поколения и свидетельство того, что участие в судьбе своей страны важно для каждого гражданина.

ҚОҒАМНЫҢ АЗАМАТТЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫНЫҢ КӨРІНІСІ



Макинск қаласындағы Балалар музыка мектебінде орналасқан № 282 референдум учаскесінде таңертеңнен бастап дауыс беру науқаны белсенді өтті. Референдум учаскесінің төрағасы – Макинск қаласындағы музыка мектебінің басшысы, өңірдің өнер саласының танымал өкілі және талантты педагог Сертай Нұржанов. Оның басшылығымен учаскеде дауыс беру процесі ұйымдасқан, тыныш әрі тиімді жүргізілді.

Өнер ордасының ғимаратының ішінде орналасқан учаскеде қаладамыздың ірі шағын ауданының тұрғындары тіркелген. Таңертеңнен бастап тұрғындар өз азаматтық борышын орындау үшін келіп,

белсенді түрде өз таңдауларын жасады. Көпшілігі отбасымен немесе достарымен келіп, бұл маңызды саяси науқанға қатысу арқылы елдің болашағына үлес қосып жатқанын көрсетті.

Сертай Жатайұлы атап өткендей, мұндай науқандар әрбір азамат үшін өз пікірін білдіру, елдің дамуына қатысу және қоғамдағы жауапкершілікті сезіну мүмкіндігі болып табылады. Ұжымдық тәртіпте ұйымдастырылған дауыс беру процесі тұрғындарға ыңғайлы жағдай жасап, кезек пен қауіпсіздік шаралары қатаң сақталды.

Референдум учаскесіндегі белсенділік – қоғамның азаматтық сауаттылығының көрінісі. Қала тұрғындары өз таңдауын жасай отырып, елдің келешегі үшін жауапкершілікті сезініп, әрбір дауыс маңызды екенін көрсетті.

АКТИВНЫЕ И ОТВЕТСТВЕННЫЕ



Участок референдума № 279 расположен в здании Макинской специализированной детско-юношеской спортивной школы.

Здание несколько лет назад было капитально отремонтировано. В конце прошлого года здесь был реализован долгожданный социальный проект - открыт плавательный бассейн.

(Продолжение на 2 стр.).

АПТА ТЫНЫСЫ – ПУЛЬС НЕДЕЛИ

Бұландыны дүбірге бөлеген айтыс



Бұланды төрін жырға бөлеп ел Тәуелсіздігінің 35 жылдығына және Жамбыл Жабаевтың 180 жылдығына арналған «Бала ақын – жас да-



рын» облыстық оқушылар айтысы өтті. Жас ұрпақты отансүйгіштікке баулып, Тәуелсіздіктің қадір-қасиетін ұғындырып, жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың шығармашылық мұрасын кеңінен насихаттап, жас айтыскерлерді қолдау және ұлттық өнердің сабақтастығын сақтау, дарынды жас оқушыларды анықтау мақсатында өткен айтысқа Целиноград, Ерейментау, Жақсы, Зеренді, Шортанды, Атбасар, Бұланды аудандары және Қосшы қаласынан келген 10 ақын қатысты. Қазақтың бай ауызекі әдеби мұрасын дәріптейтін, суырып салма ақындық өнерді шыңдайтын ұлттық өнер сайысында 12-18 жас аралығындағы жас ақындар бақ сынады. Алдын ала іріктеуден өткен 10 ақынның өнеріне Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Мағжан Жұмабаев атындағы Ақмола облыстық әмбежан ғылыми кітапханасының директоры Қуаныш Ерғалиұлы Оспанов, Айтыскер ақын, Мәлік Ғабдуллин музейінің директоры Мұхаммед Мерекеұлы Қонқаев және «Мәдениет саласының үздігі»



бек Қайырбекұлы Әбенов қазылық етіп, әділ бағаларын берді. Қазылар алқасының шешімі бойынша жүлделі 3-орынды Жақсы ауданынан келген Ұлан Қазымбек және бұландылық Сырым Хызырбек иеленді, 2-орынды Шортанды ауданынан келген жас ақын, айтысқа алғаш шыққан Шәһиза Жанарбекұлы еншіледі. Ал, жүлделі 1-орынды Ерейментау ауданының жас ақыны Сәттібек Серікболатұлы жеңіп алды. Жеңімпаздар және барлық қатысушылар ақшалай сертификаттармен марапатталды.

Әр аудан, ауылдан өнерлі жастарды анықтап, бабадан мирас болған төл өнеріміздің қанатының кеңге жаяуына септігін тигізіп, жыл сайын дәстүрлі түрде оқушылар айтыстарының өтуіне ұйытқы болып келе жатқан Ақмол облысы мәдениет басқармасы жанындағы «Облыстық



халық шығармашылық және мәдени демалыс орталығына» алғысымызды білдіреміз.

Ж. ЗАНДЫБАЙ.



Сплоченность. Активность. Неравнодушие

(Продолжение, начало на 1 стр.)

Голосование прошло на хорошем организационном уровне. Одним из активных избирателей на участке референдума № 279 стал ветеран труда Кайрат Даиров, много лет проработавший в сфере государственного курорирования отрасли сельского хозяйства.

Кайрат Калиолиевич пришёл на голосование в казахской национальной одежде, что является проявлением уважения к национальным традициям и культурному наследию.

РЕФЕРЕНДУМ СТАЛ ЕЩЕ ОДНИМ ВАЖНЫМ ДНЕМ В ИСТОРИИ СТРАНЫ



На хорошем организационном уровне прошел процесс голосования на участке референдума № 280, расположенном в здании школы-гимназии города Макинска.

Следует отметить, что школа-гимназия является одной из крупнейших по численности учащихся в районе. Учебное заведение вошло в проект «Назарбаев Интеллектуальные школы», в рамках которого была проведена полная модернизация школьного оборудования, мебели и учебных кабинетов. Также в школе был выполнен капитальный ремонт.

На данном участке впервые приняла участие в голосовании ученица 11 класса - Осина Азимова. Председатель участка референдума №280 Айгуль Калдабековна Абишева вручила ей памятный подарок и выразила благодарность за проявленную гражданскую активность.

ЕЛДІҢ БОЛАШАҒЫНА БЕЙЖАЙ ЕМЕС

Макинск қаласының сайлаушылары көп қатысатын учаскелердің бірі – №284 референдум учаскесі, қаланы бөліп тұратын темір жолының арғы жағындағы мектеп ғимаратында орналасқан. Түске дейінгі уақытта тұрғындар өз белсенділігін көрсетті, әрбір азамат өз азаматтық борышын орындап, елдің болашағына үлес қосты.

Сайлаушыларға дауыс беруді ыңғайлы өткізу үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған. Сонымен қатар,



атмосфераны көтеру және тұрғындарға жағымды көңіл-күй сыйлау мақсатында әдемі көрме және кішігірім концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Өнер көрсетілімдері тұрғындарға ерекше әсер қалдырып, дауыс беру науқанын жақсы деңгейде өткізуге мүмкіндік берді.

№284 учаскесіндегі белсенділік тұрғындардың азаматтық жауапкершілігінің көрінісі болып табылады. Қала тұрғындары өз таңдауларын жасап, елдің болашағына бейжай еместігін көрсетті.

АКЦИЯ «СЛУЧАЙНЫЙ КОМПЛИМЕНТ»



На участке референдума № 277 сегодня прошла акция «Случайный комплимент». Ее цель - выразить благодарность избирателям за активность, гражданскую ответственность и неравнодушие к судьбе страны.

Каждому пришедшему на участок председатель участка референдума Бағдат Төлебековна Жумадилова предлагала выбрать одну из скрытых ленточек бумаги на столе и прочесть комплимент. Простое, но приятное действие вызвало у участников массу положительных эмоций и улыбок. Многие отмечали, что такая акция делает процесс голосования более душевным и тёплым, создавая особую атмосферу единства и взаимного уважения.

ВАЖНЫЙ МОМЕНТ В ЖИЗНИ МОЛОДОГО ИЗБИРАТЕЛЯ

На участке референдума № 281 г. Макинска сегодня свой гражданский долг впервые выполнила ученица 11 класса Общеобразовательной школы №1 города Макинска Аружан Монтай. Это важный шаг для любого гражда-

нина - впервые участвовать в выборе, который определяет будущее страны. Аружан пришла на участок с волнением и ответственностью, полностью осознавая значимость своего участия. Председатель участка Дулат Сандыбаевич Жаркин торжественно вручил



ей памятный подарок, отметив этот важный момент в жизни молодого избирателя.

ҰЖЫММЕН КЕЛІП, ӨЗ ТАҢДАУЫН ЖАСАДЫ



«Макинский завод теплоизоляции» ЖШС ұжым мүшелері Макинск қаласындағы № 282 референдум учаскесіне бірге келіп, ел болашағына деген жауапкершіліктерін көрсетті.

Азаматтар атап өткендей, әрбір дауыс – елдің даму жолына үлес қосу, азаматтық борышты орындау мүмкіндігі. Ұжым болып қатысу арқылы олар өз белсенділіктерін, ортақ мақсатқа адалдықтарын және мемлекетіміздің болашағына деген қамқорлықтарын көрсетті.

Айта кету керек, «Макинский завод теплоизоляции» ЖШС Бұланды ауданының экономикалық картасында жылуқшаулағыш материалдар өндіретін ірі кәсіпорындардың бірі ретінде ерекше орын алады. Кәсіпорын 2019 жылдан бастап жұмыс істеп келеді және базальт жыныстары негізінде жоғары сапалы жылуқшаулағыш материалдар шығарады.

Бұл – Қазақстандағы соңғы үлгідегі заманауи итальяндық жабдықтармен жұмыс істейтін жалғыз зауыт. Өндіріс үдерістері толықтай автоматтандырылған, бұл кәсіпорынға жоғары сапалы өнімді жедел шығаруға

мүмкіндік береді. Қазіргі таңда елімізде тұрғын үй құрылысы қарқынды дамып келеді. Кез келген күрделі ғимараттарды жылумен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін құрылыс материалдарына сұраныс жоғары. Сондықтан зауыт өнімдері Қазақстан бойынша ғана емес, шетел нарығында да кеңінен қолданылады.

НЕ ОСТАЮТСЯ В СТОРОНЕ ОТ ВАЖНЫХ СОБЫТИЙ



На участок референдума № 285 г. Макинска прибыли ветераны труда, жители г. Макинска супруги Павел Федорович и Нина Христиановна Турчины. Несмотря на годы, они не остаются в стороне от важных событий в жизни страны и пришли, чтобы сделать свой выбор.

Супруги отметили, что участие в референдуме — это проявление ответственности и неравнодушия к будущему государства. За долгие годы труда они внесли свой вклад в развитие родного края, а сегодня своим примером показывают молодому поколению важность активной гражданской позиции.

Такие семьи являются примером преданности своей стране и настоящего патриотизма. Их участие в голосовании напоминает о том, что судьба государства зависит от каждого гражданина.



Также на 285 участке референдума г. Макинска проявила свою гражданскую позицию ветеран труда, жительница поселка Каменный Карьер З. П. Коломыкина. Зинаида Петровна - активный общественник. Постоянно проявляет гражданскую позицию, приходит на выборные мероприятия. 42 года проработала в сфере дошкольного образования - в детском саду.

ДҰРЫС ТАҢДАУ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ



Бұланды ауданындағы ірі ауыл шаруашылық кәсіпорындарының бірі – «Журавлевка-1» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ұжымы дауыс беру учаскесіне келіп, өз таңдауларын жасады. Кәсіпорын қызметкерлері референдумға ұжым болып қатысып, ел өміріндегі маңызды саяси науқаннан тыс қалмайтындарын көрсетті.

«Журавлевка-1» серіктестігі – Бұланды ауданының ауыл шаруашылығы саласындағы жетекші кәсіпорындардың бірі. Ұжым мүшелері референдумға қатысу – әр азаматтың азаматтық борышы екенін атап өтіп, ел болашағына сеніммен қарайтынын білдірді.

ПРИШЛИ НА ГОЛОСОВАНИЕ КОЛЛЕКТИВОМ



Коллектив предприятия «Макинск Жылу» организованно принял участие в референдуме. Сотрудники предприятия пришли на избирательный участок вместе, чтобы сделать свой выбор и выразить гражданскую позицию.

Работники предприятия, благодаря которым в городе Макинске в многоквартирных домах тепло и уютно, считают что участие в референдуме — это возможность внести вклад в будущее страны и проявить ответственность за её развитие. Коллектив предприятия не остался в стороне от важного общественно-политического события и выполнил свой гражданский долг.

Репортаж подготовила
А. АМАНЖОЛОВА.

ХАТТАР ҚОРЖЫНЫ – ПИСЬМА В РЕДАКЦИЮ

Наурыздың ізгі дәстүрлері: бірлік, бейбітшілік және қонақжайлылық

Наурыз - бұл тек көктемнің келу мерекесі ғана емес, ол жаңару, өмірге қайта оралу және үйлесімнің символы. Ұрпақтар, ұлттар мен мамандықтар арасындағы байланысқа терең тамыр жайған бұл мереке бізге достық, өзара көмек пен бір-бірімізге деген құрметтің маңыздылығын еске салады.

Наурыздың басты дәстүрлерінің бірі - қонақжайлылық. Осы күні үйлердің есігі әрбір қонаққа ашық, дастарқан жайылып, жылулық жүректен жүрекке беріледі. Осы дәстүрдің күші оның шынайылығында: ол отбасылық және көршілестік байланысты нығайтып, адамдарда бір-біріне деген сыйластық пен жауапкершілік сезімін қалыптастырады.

Біздің аудан үшін Наурыз әрдайым бірлік мерекесі болып келеді. Осы уақыт ішінде біз қоғамымыздың берекесін ерекше сеземіз: бірлескен кездесулер, концерттер, спорттық және мәдени шаралар қуаныш пен сенім атмосферасын тудырады. Мұндай дәстүрлер әрбір адам өзін маңызды және бағалы сезінетін, сау қоғамдық кеңістікті қалыптастырады.

Мемлекеттік қызметте ұзақ жылдар бойы қызмет еткен еңбек ардагері, қазіргі таңда аудандық Қоғамдық кеңестің төрағасы ретінде, мен осындай ізгі дәстүрлеріміз бізге қоғамымызда бейбітшілік пен достықты сақтауға көмектесетініне ерекше мақтанышпен қараймын. Біздің балаларымыз қарттарға құрмет көрсетудің, бірлескен еңбектің құндылығын және өзара қолдаудың қуаныштарын көріп өсті.

Құрметті жерлестер! Сіздерді Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын! Үйлеріңіз жылылыққа, бақыт пен берекеге толы болсын, жүректеріңіз қуаныш пен үйлесімге кенелсін. Баршаңызға денсаулық, бейбітшілік және біздің әсем еліміздің гүлденуін тілеймін!

**А. КАМЕЛЬИНОВ, Бұланды аудандық
Қоғамдық кеңестің төрағасы.**



Добрые традиции Наурыза: единство, мир и гостеприимство

Наурыз - это не просто праздник прихода весны, это символ возрождения, обновления и гармонии. Он издавна объединяет людей разных поколений, национальностей и профессий, напоминая нам о ценности дружбы, взаимопомощи и уважения друг к другу.

Одной из главных традиций Наурыза является гостеприимство. В этот день двери домов открыты для гостей, угощение и тепло передаются от сердца к сердцу. Сила этой традиции - в искренности, она помогает укреплять семейные и соседские связи, воспитывает в людях уважение и чувство ответственности друг перед другом.

Для нашего района Наурыз всегда был праздником единства. В это время мы особенно ощущаем сплочённость нашего общества: совместные встречи, концерты, спортивные и культурные мероприятия создают атмосферу радости и доверия. Такие традиции формируют здоровое общественное пространство, где каждый чувствует себя нужным и ценным.

Как ветеран труда, долгие годы проработавший на государственной службе, и ныне - председатель Общественного совета района, я особенно горжусь тем, что именно такие добрые традиции помогают нам сохранять мир и дружбу в нашем сообществе. Наши дети видят пример уважения к старшему поколению, ценность совместного труда и радость от взаимной поддержки.

Дорогие земляки! От всей души поздравляю вас с праздником Наурыз мейрамы! Пусть ваши дома будут полны тепла, счастья и благополучия, а сердца - радости и гармонии. Желаю всем здоровья, мира и процветания нашей прекрасной земле!

**А. КАМЕЛЬИНОВ, председатель Общественного
совета Буландынского района.**

Құттықтаймыз! Поздравляем!

Құрметті жерлестер!

Баршаңызды Ұлы күні - Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Наурыз - іргесі сөгілмес бірліктің берекесі, ырысы төгілмес тірліктің мерекесі.

Жақсылықтың жаршысы, жаңа жылдың бастауы - Наурыз мейрамы туған жер топырағына құт - береке әкелсін!

Еліміз тыныш, туған жеріміз аман болып, әрбір жаңа күн әр отбасына шат көңіл, бақыт және береке сыйласын!

Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

**Б. ТҰРТАНОВА, аудандық Ардагерлер
кеңесінің төрайымы.**

* * *

Уважаемые земляки!

Поздравляю вас с весенним праздником Наурыз мейрамы, который воплощает величие культуры и лучшие традиции нашего народа. Это замечательное время, когда пробуждается и обновляется не только окружающий нас мир, но и сам человек.

Пусть Наурыз принесет в каждый дом мир, спокойствие и процветание!

Желаю вам и вашим близким крепкого здоровья, счастья, добра и благополучия!

**Б. ТУРТАНОВА, председатель
районного Совета ветеранов.**

* * *

Уважаемые буландынцы!

Мы встречаем долгожданный и любимый Наурыз мейрамы - всеобщее достояние казахстанцев, праздник который по-настоящему объединяет и сплачивает людей.

Пусть Наурыз войдет в ваши дома с хорошим весенним настроением, щедрым дастарханом и радостью, принесет счастье и процветание, напоминая о значимости вечных ценностей - доброты, милосердия и взаимопомощи!

Желаем всем буландынцам крепкого здоровья и успехов в благих начинаниях!

Ұлыстың ұлы күні құтты болсын, ағайын! Ақ мол болсын!

Районный Совет матерей.

Мемлекеттік қызмет – халыққа адал қызмет ету

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – мемлекеттік қызметтің басты басымдықтарының бірі. Қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенімі әрбір қызметшінің адалдығы мен жауапкершілігіне тікелей байланысты. Осы орайда, Әдеп жөніндегі уәкіл ретінде мен баршаңызды заң талаптарын қатаң сақтауға, қызметтік әдеп нормаларын жоғары деңгейде ұстануға шақырамын.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – бұл тек құқық қорғау органдарының ғана емес, әрбір мемлекеттік қызметшінің ортақ міндеті. Әрқайсымыз өз іс-әрекетімізде ашықтық, әділдік және парасаттылық

қағидаттарын басшылыққа алуымыз қажет. Мемлекеттік қызмет – бұл халыққа адал қызмет ету, сондықтан кез келген жеке мүдде мемлекеттік мүддеден жоғары тұрмауы тиіс.

Алдын алу шараларының ішінде құқықтық сауаттылықты арттыру, тұрақты түрде түсіндіру жұмыстарын жүргізу, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және оларды жою ерекше маңызға ие. Сонымен қатар, ұжымда ашық диалог орнатып, әрбір қызметкердің пікірін ескеріп, сенім атмосферасын қалыптастыру қажет.

Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру – біздің ортақ

міндетіміз. Әрбір қызметкер өз әрекеті арқылы қоғамға үлгі болуы тиіс. Заң бұзушылықтарға жол бермеу, оларды дер кезінде хабарлау – азаматтық жауапкершіліктің көрінісі.

Баршаңызды адалдық пен әділдік қағидаттарын берік ұстанып, еліміздің дамуына өз үлестеріңізді қосуға шақырамын. Тек бірлескен күш-жігер арқылы біз таза, ашық және тиімді мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастыра аламыз.

**К. ИСМАҒАМБЕТОВА, Бұланды ауданы
әкімінің орынбасары, аудан әкімі
аппаратының әдеп жөніндегі уәкілі.**

Праздник весны, добра и улыбок

В в начальном звене Общеобразовательной школы с. Караозек прошёл тёплый и душевный праздник, посвящённый самым дорогим и любимым людям - мамам и бабушкам. Этот день стал настоящим праздником весны, улыбок и добрых слов.

К праздничному мероприятию учащиеся готовились заранее. Ребята учили стихи, песни, готовили поздравления. В зале царил настоящий праздничная атмосфера. Мамы и бабушки с волнением и радостью наблюдали за выступлениями своих детей.

Особенно трогательным моментом праздника стал танец мальчиков с сердечками. Юные джентльмены исполнили красивый танец, а затем пригласили своих мам присоединиться к ним. Этот момент вызвал бурю аплодисментов и подарил всем присутствующим много радости и улыбок.

Украшением праздничной программы стало выступление самых маленьких учащихся дошкольных классов Ивана Башкирова и Ясмин Мукатаевой, которые посвятили свои стихотворения мамам и бабушкам. Выступление маленького участника концерта - ученика 1 «Б» класса Али Байбулатова, который вместе со своим учителем Н. С. Гелисхановой исполнил трогательную песню о маме. Их выступление никого не оставило равнодушным и стало одним из самых запоминающихся моментов праздника.

В ходе мероприятия звучали добрые поздравления, красивые стихи о маме, весёлые песни. Дети с большим старанием и любовью выступали для своих близких, стараясь подарить им хорошее настроение.

После праздничного концерта все гости были приглашены на чаепитие. За общим столом мамы, бабушки и дети продолжили общение в тёплой и дружеской атмосфере. Чаепитие стало приятным завершением этого светлого и радостного дня.

В завершение праздника ребята вручили мамам и бабушкам открытки и подарки, сделанные своими руками. Такие мероприятия помогают воспитывать у детей уважение и любовь к матери, учат

доброте, вниманию и заботе о близких людях.

Праздник получился ярким, добрым и очень тёплым. Он ещё раз напомнил всем о том, как важно говорить близким слова благодарности и дарить им свою любовь.

**В. ЮРЧЕНКО, учитель начальных классов
Общеобразовательной школы с. Караозек.**



Бірлік пен татулықтың, ырыс пен молшылықтың мерекесі

Наурыз - табиғат жаңарып, күн мен түн теңесетін ерекше мейрамы.

Бұл күні - татулықтың, мейірімнің және бастамалардың символы.

Ал айналаны көктемнің иісі басады.

Наурыз - ырыстың бастауы, мейірімге толы мереке, ізгілікке жол ашады. Көрісу күні-бұл жүректер жақындайтын, реніш ұмытылып, ағайын-туыс бір біріне ақ ниет білдіретін ерекше күн.

Наурыз - Бұл күні жүрегіңдегі жылулық, ақ дастархан жайылады.

Осы күнгі ең басты тағам Наурыз көже болып саналады. Ол - жеті түрлі тағамнан дайындалатын көже. Киіз үйге келуші әрбір қонақ әдетте Наурыз көжеден ауыз тиеді.

Алаңға алтыбақан қойылып, жас жеткіншектер алтыбақанға мінеді. Ауылдық жерлерде ат жарыстары да ұйымдыстырылады. Бұл күні адамдар бір - біріне деген ренжіштерін ұмытып, кешірімді болады.

Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

А. БАЛКЕНОВА, Бұланды аудандық сотының бас маманы.

Аудандық мәслихаттың депутаттары мен аудан тұрғындарының назарына

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес, 2026 жылғы 31 наурыз сағат 11.00-де Буланды аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымының кезекті сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына:

1) Бұланды ауданының әкіміне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы есебі және тағы да басқа сұрақтар.

**Н. СЕКЕНОВ, Бұланды аудандық
мәслихатының төрағасы.**

* * *

К сведению депутатов районного маслихата и населения района

В соответствии со статьей 10 Закона Республики Казахстан «О государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», 31 марта 2026 года в 11.00 часов созывается очередная сессия Буландынского районного маслихата восьмого созыва.

На рассмотрение сессии выносятся:

Отчет акима Буландынского района о выполнении возложенных на него функций и задач и другие вопросы.

**Н. СЕКЕНОВ, председатель Буландынского
районного маслихата.**

ЖАҢАРУ МЕН ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ ЖАРШЫСЫ

ТӨРЛЕТ, ЖАҢА ЖЫЛ, ӘЗ-НАУРЫЗ!

НАУРЫЗ ҚҰТТЫ БОЛСЫН, АҒАЙЫН!

Тарихымыздан дәстүр, ата-бабамыздан салт болып келе жатқан Ұлы мерекеміз - Наурыз мейрамы - еліміздің барша азаматтарының жақсы тілек, ерекше қуанышпен атап өтетін үлкен мейрамына айналуда. Көне заманнан бізге жеткен осы мерекені лайықты қарсы алу, өткізу жағын, біздіңше, әлі де жетілдіре, дамыта түсу керек сияқты. Сөйтіп, сонау қағым заманнан халқымызбен бірге жасасып келе жатқан осынау дәстүрлі мейрамымыздың деңгейін көтеріп, шырайын кіргізудің амалдарын ойластырғанымыз жөн. Шығыс халықтары атап өтетін Наурыз мейрамына айрықша мән берудің өзіндік себептері бар. Біріншіден, ол - біздің ата-бабаларымыз ғасырлар бойы өзінің санасына, салтына әбден енгізген байырғы мейрам. Сондықтан халқымыздың өзімен бірге жасап келе жатқан айтулы күнді атап өтуіміз - салт-дәстүрімізді қадірлегеніміз, өзімізге өзіміз құрмет көрсеткеніміз. Екіншіден, Наурыз мейрамы аясында ұлтымыздың рухын көтеріп, мәдениетін, ғұрпын, дәстүрін жарқырата көрсетуіміз - бүгінгі мерей, ертертегі тағылым. Үшіншіден, Наурыз мейрамы - Жаратушы иеміз адам баласы өсіп-өнуі үшін жаратқан табиғат ананың төл мерекесі. Бұл -



қыстан қажыған, шаруа барысы, жұмыс ретімен жүрген адамдар көктемнің шуақты күнімен жадырап, күндей күлім қағып сағыныса көрісіп, мейірлене амандық сұрасады. Ағайынға ақ тілек ағытылып, жалпыға жақсылық тіленеді. Күн мен түн сияқты хан мен қарашаның, үлкен мен кішінің, жасамыс пен жастың тілектері теңеліп, жұптары жарасады.

Міржақып ДУЛАТОВ:

Жер жүзіндегі жұрттардың бәрінің де түрлі-түрлі мейрамдары болады. Мәселен, дін мейрамы, ұлт мейрамы, мемлекет мейрамы секілді. Өзгелерді былай қоя тұрып, өзіміздің сыбайласымыз орыс жұртын алсақ,

урызды 2-сәуірде тойлайық» деген уәж де айтылғанын бұл күнде біреу білсе, біреу білмес. Жалпы, Наурыз мейрамының халыққа қайтып оралғанын ел әркез есінде ұстағаны жөн. Өйткені ол - ұлт тарихындағы жеңісті сәттердің жарқын белгісі.

1988 жылы 4 ақпан күні «Лениншіл жас» газетінде жарияланған «Тамырыңды терең жібер» атты Мұхтар Шахановтың сұхбаты наурыздың алғашқы қарлығашындай болды. Олай дейтініміз, осы сұхбаттан соң Мұхтар арнайы хат әзірлеп, Колбиннің өзіне кірген. Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы мен қазақ ақынының арасындағы текетірес ұзаққа созылды.

Мұхтар Шаханов:

- Колбиннен шыққаннан кейін Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевқа жолығып, Колбинге «Наурызды» тірілту туралы арнайы хат тастағанымды

айттым.

- Өте дұрыс жасағаның, - деді Нұрекен. - Енді сенің ол хатыңды Колбин Бюро мүшелеріне жіберуі тиіс. Көбісі көлеңкесінен үріккендер ғой. Жәнібеков екеуімізден басқалары қолдай қояды деп ойламаймын. Дегенмен өзім бар күшімді саламын. Ал сен Колбиннің соңынан қалма. Басқа жазушыларды да, өнер қайраткерлерін де қосып, бірлесіп қимылдаңдар. Мерекені нақ осы былдан бастап жіберелік. Уақыт тым аз қалды. Колбин келісімін бере қалған жағдайда «Наурызға» қаржы бөлу мәселесі Министрлер Кеңесіне келіп тіреледі ғой. Ол жағынан қам жеме. Батыл кірісе бер, деді.

Колбин хатты Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті бюро мүшелерінің

талқысына салады. «Бюро мүшелерінің ішінде мені екі-ақ адам қолдады. Оның бірі - сол кездегі Министрлер Кеңесінің төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев, екіншісі - Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің идеологиялық хатшысы Өзбекәлі Жәнібеков. Қалған бюро мүшелерінің бәрі қарсы шықты. Сонда Колбин «бюро мүшелері қарсы, сондықтан Наурыз мерекесін тойлай алмаймыз» деп кесіп айтты. Сонда, «Кешіріңіз, Геннадий Васильевич, дедім өршеленіп. - Қазақ жеріне Ислам діні келместен бұрын Наурыз мейрамын армяндар «Навосарди», чуваштар «Нарас ояхе» деп атаған. Ал армяндар мен чуваштардың

мұсылман емес екенін өзіңіз білесіз. Бұл тіпті Қазақ Совет энциклопедиясында жазылған. Шындығы солай болғанмен, бірақ ол кітапта «Ислам діні келместен бұрын» деген сөз жоқ еді. Әдейі белінен басып жібердім де, «Желтоқсан оқиғасы екі ұлттың орыспен қазақтың арасына сына қақты. Өзіңізге де жұрттың көзқарасын емес. Егер сіз халықтың көзқарасын өзгертем десеңіз, Наурыз мерекесін тірілтіңіз. Сонда жұрт сізге басқаша қарайды», деп едім, көзі жайнап кетті».

Осы оқиғадан кейін Колбин сол кездегі КСРО басшысы Михаил Горбачевті көндіретін болып келісті.

НАУРЫЗ ТАРИХЫНА ҮҢІЛСЕК...

Ежелгі түріктер Ұлыс күндері жаңа киімдерін киіп, сақал-мұрттарын түзеп, шаштарын алады. Алты күн садақ тартып машықтанған соң, жетінші күні алтын теңге-жамбы атып жарысады. Егер кімде-кім жамбыны бірінші болып атып түсірсе, сол адамға «бір күн» патша болып, ел билеуге ерік беріледі. Наурыз жырында: Құл құтылар құрықтан,

Құл құтылар сырықтан, - деп жырлағандай, осы күні ертедегі гректердің патшасы да алтын тағынан түсіп, қол астындағы өзіне ұнаған құлына бір күн ел басқартқызған.

Иран патшасы Наурыз күні қол астындағы адамдардың біріне патша шапанын сыйға тартады екен деген де деректер бар. Тіліміздегі күні бүгінге дейін айтылатын «Құлға бір күн азаттық» деген мәтел осы бір көне рәсімге қатысты болса керек.

Христиан дінін қабылдағанға дейінгі ежелгі Русьте Жаңа жылды бірінші наурыз күні қарсы алу дәстүрі болған.

Ағылшындар он сегізінші

бет, шам, шона (тарақ). Ежелгі ирандықтардың түсінігі бойынша, шарап - өрлеу, сүт - пәктік, тәттілер - шаттық, шекер - ризалық, шербет - демалыс пен қонақжайлық, шам - отқа табыну, тарақ - әйел сұлулығы.

Арабтар мейрам салтын өзгерту үшін, бас әрпі «ай» сөзінің басқы әрпі «син»-нен басталатын мүлде бөлек - өзге жеті затпен алмастырады: сарымсақ, бидай, жиде, сірке суы, рут шөбі, егеу.

Ауғандар да Жаңа жылды мейлінше шаттық-құрметпен қарсы алады. Ауған елінде «алғашқы түрен» - «кульбакаши» деп аталатын ғұрып бар. Ол бойынша шаруалар егіс алқабына барып, алғашқы түрен түсіреді, ал соқаның соңынан сый-құрметі мол шаруалар еріп жүреді. Жеті күн бойына жеті түрлі жемістерден аса дәмді сусындар жасалады, міндетті түрде жаңадан киім-кешектер тігіледі, осыған орай бүкіл елде жаңа жыл «жаңа киім күні» деп аталады.

Үндістанның түрлі штаттарында жаңа жыл бір жылда он рет тойлап өткізіледі. Оңтүстік Үндістанда бұл той түрі наурыз айында басталады, үйлер өрілген гүлдермен айшықталады.

Наурыз мейрамын



сондықтан да белгілі бір саяси оқиғаға, әлдебір идеологияға бағынышты күн емес, әлемде ең алғаш Шығыс данышпандары аса бір дәлдікпен айқындаған күн мен түн, жарық пен қараңғы теңелетін күн. Наурыздың осы сияқты сипаттарының өзі оның ерекше екендігін аңғартса керек. Данышпан бабаларымыз, абыз аталарымыз сондықтан да оны «Ұлыстың ұлы күні» деп атаған.

Ұлыстың ұлы күні - Наурыз мерекесінің өнбойында зор адамсүйгіштік аңсарлар, мейірім мен шапағатқа толы киелі қасиеттер бар. Бұл күні адам баласы бір-біріне мейірімін төгеді, көріседі, амандық-есендік айтысады, жақсылық тілейді. Қалың

бұл туралы қазақтың мақалы да бар: «Орыста мейрам көп, қазақта айран көп».

Біздің қазақ айранға бай болғанмен, мейрама жарлы екендігі осыдан да көрінеді. Жалпы мұсылман жұрттарына ортақ жылына екі рет келетін ораза, құрбан айттарын есепке алмағанда, біздің қазақ-қырғызда жалғыз-ақ мейрам бар, ол - Наурыз.

Біләл ҚУАНЫШ:

Ата-бабадан жалғасып келген бұл Наурызға 1926 жылы Кеңес өкіметі ресми тыйым салды. Тек араға 62 жыл салып, 1988 жылы Мұхтар Шаханов бастаған бір топ ұлт зиялыларының арқасында Наурыз қазаққа қайта оралып еді. Содан бері 22 жыл өтіпті. Сол кезеңде уақыттың тығыздығын сылтау еткен Колбинге «На-



ғасырдың бас кезіне дейін Жаңа жылды жиырма алтыншы наурызда тойлап келді.

Иран тілдес халықтар Наурызды бірнеше күн тойлаған. Олар бұл күні әр жерге үлкен от жағып, отқа май құяды, жаңа өнген жеті дәнге қарап, келешек егін жайлы болжам жасайды. Жеті ақ кесемен дәстүрлі ұлттық көже «Сумалак» ұсынады.

Соқамен жер жыртады, ат шаптырып, жамбы атысып жарысады. Ескі киімдерін тастап, ұсталған шыныаяқты сындырады. Бір-біріне гүл ұсынып, үйлерінің қабырғасына дөңгелек ою «күн белгісін» салады, үйдің тіреу ағашына гүл іледі.

Мұсылман дініне дейін Күнге табынған Иран елдері Наурыз күні сөзінің бас әрпі «шин»-мен басталатын жеті түрлі затты дастарқанға қоятын: шарап, шир (сүт), шырын, шекер, шер-

бирмалықтар «Су мейрамы», тәжіктер «Гүл гардон», «Бәйшешек», «Гүлнаурыз», хорезмдіктер «Наусарджи», татарлар «Нардуган», буряггар «Сагаан сараң», соғдылықтар «Наусарыз», армяндар «Навосарди», чуваштар «Норис ояхе» деп түрліше атаған.

Шығыс халықтарының Наурызды қалай тойлайтындығы жайындағы көне деректер бізге Әбу Райхан Бируни, Ибн Балхи, Омар Хайям, Махмұт Қашқаридің еңбектері арқылы жетіп отыр.

(Жалғасы
5 бетте).

ЫРЫС ПЕН ЫНТЫМАҚТЫҢ БАСТАУЫ

ТӨРЛЕТ, ЖАҢА ЖЫЛ, ӘЗ-НАУРЫЗ!

ЖЫЛ ҚАЙЫРУ

(Жалғасы, басы 4 бетте).

Қазақ жыл басы Наурыз айының 22-нен басталады. Он екі жыл бір айналғанда бір мүшел толды деп есептелінеді. Жыл басы «тышқан» саналады. Ал 1983 жылдың наурызында доңыз жылы басталса, ол енді 1995 жылдың наурызында қайта келеді. Кестеде қазіргі жыл санау мен ескі жыл қайыру қатар берілген. Сол арқылы әркім ескіше жыл қайыру әдісімен қазақтың жыл санауы бойынша өзінің қай жылы туғанын және неше мүшелге толғанын біле алады. Бірінші мүшел 13 жаста толады. Оған 12 жылды қосып отырсаңыз, келесі мүшел шығады. Адам өзінің туған жылын мүшел жылмен есептеу үшін туылған жылына 9 санын қосып, сол санды 12-ге бөледі. Ал сонда қалдық саны мүшел жыл саны болып шығады. Мәселен, кісі 1940 жылы туылған болса, бұл мүшел есебінің қай жылына тура

келетінін білу үшін, оған 9 санын қосса, 1949 жыл болып шығады, ал соны 12-ге бөлсек, 5 қалдық саны қалады. Демек мүшел жыл есебі бойынша ол ұлу жылы туылған болады. Төменде жаңа санақпен мүшел жылдарының кестесі беріліп отыр:

Тышқан	1900	1912	1924	1936	1948	1960	1972	1984	1996	2008
Сиыр	1901	1913	1925	1937	1949	1961	1973	1985	1997	2009
Барыс	1902	1914	1926	1938	1950	1962	1974	1986	1998	2010
Қоян	1903	1915	1927	1939	1951	1963	1975	1987	1999	2011
Ұлу	1904	1916	1928	1940	1952	1964	1976	1988	2000	2012
Жылан	1905	1917	1929	1941	1953	1965	1977	1989	2001	2013
Жылқы	1906	1918	1930	1942	1954	1966	1978	1990	2002	2014

Қой	1907	1919	1931	1943	1955	1967	1979	1991	2003	2015
Мешін	1908	1920	1932	1944	1956	1968	1980	1992	2004	2016
Тауық	1909	1921	1933	1945	1957	1969	1981	1993	2005	2017
Ит	1910	1922	1934	1946	1958	1970	1982	1994	2006	2018
Доңыз	1911	1923	1935	1947	1959	1971	1983	1995	2007	2019

Осы кестені пайдаланбай, өзінің қай жылы туғанын қазақша атау бойынша білгісі келгендер туған жылын он екіге бөлу керек. Қалдықсыз бөлінсе, ол «мешін» жылы болғаны, қалдық біреу болса, оның «тауық», екеу болса «ит» жылы болғаны. Сөйтіп әрі қарай кете береді.

ҚЫЗЫР (ҚЫДЫР) АТА

Мұсылмандық аңыз-әпсаналармен халық наным-сенімдерінде Қызыр бейнесі кең таралып, ол мәңгі өлмейтін бейне ретінде саналады. «Қызыр» сөзі - жа-

көріпкел, жарылқаушы қарт. Ол ұлыстың ұлы күнінде әр елге келіп, әр шаңыраққа соғып бата береді. Міне, сондықтан әр үй Қыдыр атасының жолын күтіп өздерінің жанын да, тәнін де, киер киім, ыдысы мен бұйымдарын да таза ұстауға тырысады. Үйдің іші-сыртын, қора-қопсыны тазартып, бұлақтың көзін ашып, ағаш егіп, өсімдікке су құяды.

ҚАЗАҚША АЙ АТАУЛАРЫ

Наурыз – Ұлыстың ұлы күні, Күн мен түн теңелер айы. Жылдың басы.

Көкек – көкек құстың алғаш келіп шақыра бастайтын айы. (көктем)

Мамыр – аққу, қаз секілді құстардың семіріп түлейтін айы.

Отамалы – жер отайып, малдың аузы көкке тиетін ай. Мұның екінші бір аты «маусым».

Шілде – парсының «Чилла» деген сөзінен алынған. Әуелде бұл ай 40 күндік мезгілді білдірген.


Сарша – «сары шақ» деген көне түрік ұғымынан шыққан. Кейде «Сарша - тамыз» деп қосарлана да айтылады.

Қыркүйек – қой мен ешкінің төлдеуін бір жүйеге түсіру үшін, қошқар мен текеге күйек байлайтын болған. Соны «Қыркүйек» деп атаған.

Қазан – егін-терім жиналып, суық соғатын кез. «Қазан – соғу» сөзі осы мәнді білдіреді.

Қараша – өрістің шөбі бітіп, жер қараятын мерзім.

Тоқсан – мұнда жылдың



сыл, көк өңін білдіреді. Бұл өсімдіктер әлемімен байланысты болғандықтан, оның көктемгі Наурыз мерекесімен орайластыруы тегін емес екенін байқауға болады.

Х а л қ ы м ы з д ы ң мифологиялық түсінігі бойынша, жиырма бірінші наурыз түні даланы Қызыр аралайды екен. Сол себепті осы түні - «Қызыр түні» деп аталады. Қызыр адамдарға дәулет дарытып, бақ қондыратын, ақсақал кейпінде көзге көрінетін Қыдыр ата - бүкіл халықтың қамқоры, оларға жақсылық жасаушы, ырыс, құт, несібе әкелуші, бақыт, береке, өмір сыйлаушы қасиет иесі, к е м е ң г е р , ә у л и е ,

Мұсылман қауымы мұндай үйге Қыдыр ата түнеп, немесе бата беріп кетеді деп түсінген. «Қыдыр қонған», «Қыдыр дарыған» деген сөздер осындайдан шыққан. Жақсылықтың жаршысы, жаңа түскен Күн нұрының символы - Қызыр ата даланы кезіп жүріп, назары жерге түссе, оның тоң кеудесін жібітеді, ал тасқа түссе, тасты ерітіп жібереді екен. Күн сәулесі жер шарының шығыс бөлігінен таңғы сағат алтыда себелеп атқан кезде, біздің өңірімізде бұл сәт түнгі сағат үшке тұспа-тұс келеді.

Сондықтан да қазақ халқы Жаңа жылды жиырма бірінші наурыз күні таңғы үште қарсы алады, дәл осы сәтте даланы Қызыр баба аралап, күн нұры Самарқанның көк тасын жібітсе керек. Бұл да наурызға байланысты айтылған сөз.

ақырғы ширегі тоқсан басталады. Қазір «Желтоқсан» деп аталады.

Қаңтар – қыстың түні ұзарып, күні қысқарып қаңтарылатын кез.

Ақпан – қазақтың «үт келді – жұт келді» дейтін айы. Мұнда көбіне ақ боран соғып, мал шығыны көп болады.

ҰЛЫС КҮНІНІҢ ҰЛАҒАТТАРЫ

Наурыз - Шығыс елдерінің бүкіл халқының мейрамы, яғни, Халықаралық мереке.

Наурыз - ынтымақ, татулық, бай мен жарлы теңелген, азаттық, теңдік, бостандық күні.

Наурыз - Қызыр атаның мұсылман елдерін аралап,

несібе, ырыс үлестіріп, бақ беретін күні.

Наурыз - Күн нұрының айырықша сәуле шашып, шаттық шуағын төгетін күні.

Наурыз - қасиетті ұлы күн, берекелі ай, жылдың әрі көктемнің басы,

Наурыз - табиғаттың тамылжыған, жер-ананың бусанған, күнсулудың елжіреген, адамзаттың мейірленген, жан-жануарлардың түлеген, өсімдіктердің нәр алған сәті.

Наурыз - жаратылыс, табиғат пірлерін еске түсіріп, олардан ақ тілек тілейтін күн, табиғат пірлері мен періштелері мыналар:

- Қызыр ата – жер иесі;
- Сүлеймен – су иесі;
- Алас – от иесі;
- Табыстан – жаз иесі;
- Зымыстан – қыс иесі;
- Мерқайдар – жел иесі;
- Мекайыл – табиғат періштесі;
- Дардайыл – ай, күн, жұлдыздар періштесі.

НАУРЫЗ МЕРЕКЕСİNДЕГІ ЖӨН-ЖОСЫҚТАР МЕН ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАР

Ұлыстың ұлы күнінде халық үйінде отырмайды, далаға, көшеге шығады, бас көтереді, барлық адамға құтты болсын айтады, шат-шадыманға бөленеді. Наурыз жырын айтады.

Әр үй Наурыз көже пісіреді, одан құттықтауға келгендер ауыз тиеді, бата береді, тілек тілейді.

Бұрын қателік жасағандар кешірім сұрайды, екіншісі кешірім жасап, табысады.

Ренжіскендер татуласады,



қол алысады, бірін-бірі үйіне шақырады, дәм татады.

Үйді, қораны, даланы алдын ала тазартады.

Бойын да, ойын да, ниетін де таза ұстайды.

Әдепсіз сөз сөйлемейді, көңілін көтеріп ұстайды.

Ешкімді ренжітпейді және біреумен ренжіспейді, қатты сөз айтпайды.

Малды, тағы басқа жан-жануарды ұрмайды, зекімейді. Дала құстарына наурызкөже, жем шашады.

Бұлақ көзін ашады, оның маңайын тазартады.

Жастарды әдепке, тәртіпке, ұлттық салт-санаға үйретеді.

Бұл күні жұмыс істемейді, сауда жасамайды.

Көшіп-қонбайды, сапарға шықпайды.

Шаш, тырнақ алмайды, кір жумайды.

Ақсақалдар мен әжелерге, ата-аналарына барып сәлем береді, құттықтайды, сый ұсынады, «белкөтерер» апарды, батасын алады.

Әр адам алған қарызын осы күнге дейін қайтаруға тырысады.

Жаңа немесе таза киім киеді.

Кездескен барлық адамдарға жақсы көзбен қарайды, сәлемдеседі, жылы сөйлеседі.

Үйдегі, даладағы мүліктер мен

дүниелерді шаң-тозаңнан арылтып, тазартып қояды.

Тозығы жеткен киімдер мен ескі, бүлінген заттардан арылады.

Ағашқа, өсімдіктерге су құяды.

Ағаш, гүл отырғызады.

Дәмді, тәтті, жеңсік астар әзірлейді, ішімдік ішпейді.

Алыс, жақындағы туыс-туған, ілік жұрағаттарға, сыйласқан кісілерге құттықтау, сәлем жолдайды, сәлемдеме жібереді.

Қарашаңыраққа сәлем береді, сыбаға апарды.

Алдымен құдайы көршіге кіріп, құттықтайды.

Үйге келген адамды қуанышты жүзбен қарсы алады, дастарқанға шақырады.

Жетімдер мен панасыздарға, ауру-сырқаулар мен мүгедектерге көмек көрсетеді, қайырымдылық жасайды.

Бұл күні таза, әрі бүтін ыдыстарды пайдаланады.

Наурыз күні тек жақсы хабарларды ғана таратады, жамандықты айтпайды.

Ұлыстың Ұлы күні туғандарға Наурызға байланысты ат қояды.

Наурыз күні әр елді, үйді Қыдыр ата аралайды,

бақыт сыйлайды,

бата береді.



ӘРТҮРЛІ ТАҚЫРЫПТАР – НА РАЗНЫЕ ТЕМЫ

Ақшаң – тек өзіңдікі!

Алаяқтар Бұланды ауданында сенгіш адамдар тұрады деп ойлайды. Оларға керісінше екенін дәлелдейміз бе?

Бұланды ауданының Жастар ресурстық орталығы интернет-алаяқтықтың алдын алу бойынша акция өткізді. Акция аясында тұрғындарға қарапайым тілмен түсіндірілген жадынамалар таратылды. Ол жадынамаларда:



Бұланды аудандық жастар ресурстық орталығы.

Неге SMS арқылы келген кодты айтуға болмайды.

Неге «ҰҚК қызметкері» ешқашан WhatsApp арқылы хабарласпайды.

Жалған жүлде ұтысын қалай тануға болады? – деген сұрақтарға жауаптар берілген.

Су тасқыны кезінде инфекциялық аурулардың алдын алу шаралары

Қыс мезгілінде жиналған қоқыспен бірге жұқпалы аурулардың қоздырғыштары көктемде еріген қар мен мұзбен бірге өзендер, құдықтағы суларға түсіп, суды ластайтыны белгілі. Осыған байланысты су жолымен қандай жұқпалы және жұқпалы емес аурулар беріледі деген сұрақ көпшілікті мазалайтыны рас. Су тасқыны кезінде жұқпалы ауруларды тудыратын қолайсыз эпидемиологиялық жағдайлар дамуы мүмкін. Су жолымен гепатиттер, тырсыққақ, іш сүзегі, паратифтер, дизентерия, лептоспироз, туляремия (ауыз судың кеміргіштердің бөлінділерімен ластануы), құрттар, бруцеллез, сальмонеллез беріледі. Бұланды ауданының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы су

тасқыны кезінде түрлі аурулардың алдын-алу үшін тұрғындардың келесі қарапайым және тиімді ережелерді сақтауы қажеттігін ескертеді:

-ішуге және тамақ дайындауға тек шөлмектегі немесе қайнатылған суды пайдалану;

-су басқан жерлерде бұлақтардан, құдықтардан және ұңғымалардан су ішпеу;

-шөлмектегі ауыз су қорын қамтамасыз ету және кеміргіштер қолы жетпейтін жерлерде жабық ыдыстарда сақтау;

-тасқын сулармен ылғалданған тамақ өнімдерін пайдаланбау;

-ауланы қоқыстан тазарту;

-су тасқынынан кейін барлық үй-жайларды дезинфекциялық ерітінділермен

өңдеу;

-толтырылуына қарай қазылған шұңқырларды уақытылы сорғызу;

-ауыз су мақсатында пайдаланылатын ұңғымаларды тазарту, дезинфекциялау;

-су тасқынының тағы бір проблема-сы-кеміргіштер, көптеген аурулардың қоздырғыштары.

Олар тұрғын үйлер ғимараттарына еніп, адамның жұқпалы және паразиттік аурулармен ауыру қаупіне ықпал етуі мүмкін.

Гигиеналық ережелерді сақтау Сізді көптеген аурулардан қорғайды!

Бұланды аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы.

Когда обычный кашель становится угрозой

Коклюш - это острое инфекционное заболевание дыхательных путей бактериальной природы, вызываемое микроорганизмом Bordetella pertussis. Болезнь характеризуется длительным течением и приступообразным спазматическим кашлем. Наиболее тяжело коклюш протекает у детей раннего возраста, особенно у грудничков. Источником инфекции является больной человек. Передача происходит воздушно-капельным путем — при кашле, чихании или тесном контакте. Инкубационный период обычно составляет от 5 до 14 дней.

Клиническое течение коклюша делится на несколько периодов. В начальной (катаральной) стадии заболевание напоминает обычную простуду: появляется насморк, незначительное повышение температуры и сухой кашель. Через 1–2 недели наступает судорожный период, который является наиболее характерным. В это время возникают частые приступы сильного кашля, сопровождающиеся свистящим вдохом (репризой), покраснением лица и иногда рвотой после приступа. Затем следует период выздоровления, при котором кашель постепенно уменьшается, однако может сохраняться ещё длительное время.

Коклюш опасен своими осложнениями. К ним относятся пневмония, судороги, нарушение дыхания и другие серьёзные состояния, особенно у маленьких детей. Диагностика основывается на лабораторных методах, таких как ПЦР-исследование и бактериологический анализ мазка из носоглотки. В общем анализе крови могут наблюдаться характерные изменения.

Лечение включает применение антибиотиков (особенно эффективно на ранней стадии), симптоматическую терапию, обеспечение покоя и доступа свежего воздуха. В тяжёлых случаях требуется госпитализация.

Основной мерой профилактики является вакцинация (АКДС), которая значительно снижает риск заболевания и тяжёлого течения. Также важны своевременное выявление больных и соблюдение санитарно-гигиенических мер.

Таким образом, коклюш — это серьёзная инфекция, требующая внимания и своевременной профилактики, особенно среди детей.

Относитесь внимательно к своему здоровью, берегите себя и своих близких!

Бұланды аудандық санитарно-эпидемиологиялық бақылау басқармасы.

«Әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі кәмелетке толған адамның мүлкіне билік ету, шотына түскен зейнетақыларды, жәрдемақыларды, әлеуметтік төлемдерді алу бойынша және соттың шешімімен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған азаматтардың мүлкіне иеліктен шығаруға рұқсат беру» мемлекеттік қызметі

«Әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі кәмелетке толған адамның мүлкіне билік ету, шотына түскен зейнетақыларды, жәрдемақыларды, әлеуметтік төлемдерді алу бойынша және соттың шешімімен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған азаматтардың мүлкіне иеліктен шығаруға рұқсат беру» мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) осы Қағидаларға сәйкес жеке тұлғаға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) Астананың, республикалық маңызы бар қаланың, облыстық маңызы бар қаланың және ауданның әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы әрекетке қабілетсіз немесе жеке тұлғаға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) Астананың, республикалық маңызы бар қаланың, облыстық маңызы бар қаланың және ауданның әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

1) Мемлекеттік корпорация;

2) көрсетілетін қызметті беруші;

3) «электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы арқылы ұсынады.

Өтінішті үшінші тұлғалар Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 167-бабына сәйкес берілген сенімхат бойынша ұсынады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі: 1) құжаттарды көрсетілетін қызметті беруге, Мемлекеттік корпорацияға тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде – 5 (бес) жұмыс күні; 2) Мемлекеттік корпорацияның құжаттарын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут; 3) Мемлекеттік корпорацияда қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут.

Көрсету нысаны: Электрондық (ішінара автоматтандырылған) қағаз түрінде.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі:

- Әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі кәмелетке толған адамның мүлкіне билік ету, шотына түскен зейнетақыларды, жәрдемақыларды, әлеуметтік төлемдерді алу жөніндегі шешім туралы бұйрық;

- Сот шешімімен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған кәмелетке толған азаматтардың мүлкіне иеліктен шығаруға бұйрық;

- Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптардың 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Порталда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» жіберіледі және сақталады.

Көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері мемлекеттік қызметті көрсету кезінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері: тегін

Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі:

1) көрсетілетін қызметті берушіде: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұманы қоса алғанда, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліспен сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін;

2) Мемлекеттік корпорацияда: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес мереке және демалыс күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсететін кезекші бөлімдерінде дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін.

Қабылдау «электрондық» кезек тәртібімен, көрсетілетін қызметті алушының тіркелген жері бойынша немесе қамқорлыққа мұқтаж кәмелетке толмаған адамның тіркелген жері бойынша жеделдетіп қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады, электрондық кезекті портал арқылы «брондауға» болады.

3) порталда: жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті алушының тіркелген жері жұмыс күні жүзеге асырылады). Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары: 1) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында: www.edu.gov.kz; 2) www.egov.kz порталда жарияланған.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыда қажетті құжаттар мен мәліметтердің тізбесі:

Көрсетілетін қызметті алушы әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі кәмелетке толған адамның мүлкіне билік ету, шотына түскен зейнетақыларды, жәрдемақыларды, әлеуметтік төлемдерді алу жөніндегі шешімді алу үшін жүгінген кезде көрсетілетін қызметті берушіге, Мемлекеттік корпорацияға немесе портал арқылы мынадай құжаттарды ұсынады:

1) Қағиданың 1, 2-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжаты (сәйкестендіру үшін);

3) әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі кәмелетке толған адамға қорғаныштық немесе қамқоршылық белгілеу туралы мәлімет (көрсетілетін қызметті берушінің қорғаныштық немесе қамқоршылық белгілеу туралы бұйрығы);

4) қамқорлыққа (қорғаныштыққа) алынушының иелігіндегі меншік құқығын растайтын мүлікке құқық белгілейтін құжаттар (мүлікке билік ету және иеліктен шығару үшін);

5) заң бойынша мұраға құқық туралы куәлік (нотариустан) (заң бойынша мұра алған жағдайда) (мүлікке билік ету және иеліктен шығару үшін);

6) қамқорлыққа (қорғаныштыққа) алынушының көлік құралына меншік құқығын растайтын құжат (мүлікке билік ету және иеліктен шығару үшін);

7) екінші деңгейдегі банктерде немесе «Қазпочта» АҚ-да қамқорлыққа (қорғаныштыққа) алынушыға шот ашылғаны туралы хабарлама;

8) қамқорлыққа (қорғаныштыққа) алынушының кірістерін (зейнетақылар, жәрдемақылар, әлеуметтік және басқа да төлемдер) растайтын құжаттар.

Көрсетілетін қызметті алушы сот шешімі бойынша әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған кәмелетке толған адамның мүлкіне иеліктен шығаруға рұқсат алу үшін жүгінген кезде көрсетілетін қызметті берушіге, Мемлекеттік корпорацияға немесе портал арқылы мынадай құжаттарды ұсынады:

1) Қағиданың 1, 2-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

3) әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі кәмелетке толған адамға қорғаныштық немесе қамқоршылық белгілеу туралы мәлімет

(көрсетілетін қызмет берушінің қорғаныштық немесе қамқоршылық белгілеу туралы бұйрығы);

4) меншік құқығын растайтын мүлікке құқық белгілейтін құжаттар (мүлікке билік ету және иеліктен шығару үшін);

5) заң бойынша мұраға құқық туралы куәлік (нотариустан) (заң бойынша мұра алған жағдайда) (мүлікке билік ету және иеліктен шығару үшін);

6) көлік құралдарына меншік құқығын растайтын құжат (мүлікке билік ету және иеліктен шығару үшін);

7) кепілдік міндеттемелер (нотариустан) (мүлікті сатқан жағдайда) (мүлікке билік ету және иеліктен шығару үшін).

Жоғарыда аталған 2),3),4),6),8) тармақшаларда көрсетілген құжаттар туралы мәліметтерді тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден уәкілетті лауазымды адамдардың электрондық-цифрлық қолтаңбасымен электрондырылған заңнамасында мәліметтер және (немесе) құжаттар нысанында алады.

Ақпараттық жүйелердегі мәліметтер сәйкес келмеген (болмаған) кезде өтінішке тиісті құжаттар қоса ұсыналады.

Құжаттарды портал арқылы берген кезде құжаттар электрондық көшірме түрінде ұсынылады. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер:

1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс емес екенін белгілеу;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, деректердің және мәліметтердің «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің 127, 128-баптарында бекітілген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алумен байланысты арнайы құқығынан айырылған.

Қосымша ақпарат алу үшін «Бұланды ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ-не немесе 22306 телефон нөмірі бойынша хабарласуға болады.

«Бұланды ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ.

АҚПАРАТТЫҚ АЛАҢ – ИНФОРМАЦИОННОЕ ПОЛЕ

Жеке тұлғалардан алынатын көлік салығы: ненің маңызды екенін білу қажет және қашан төлеу керек?

Бұл ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы жеке тұлғалардың 2025 жылға арналған көлік салығын төлеу мерзімі 2026 жылдың 1 сәуірінде аяқталатынын еске салады.

2025 жылға арналған салықты есептеу кезінде 2025 жылы қолданыста болған 3 932 теңге көлеміндегі айлық есептік көрсеткіш қолданылады.

Көлік құралдары салығы сомасын kgd.gov.kz веб-порталындағы калькулятордың және «e-Salyq Azamat» мобильді қосымшасының көмегімен дербес есептеуге болады.

Бұл ретте салық органдары есеп айырысу балансын анықтау мақсатында жыл сайын тиісті жылға жеке тұлғалардың көлік құралдарына салынатын салықты есептейді.

Сондай-ақ, салық сомасы туралы ақпарат kgd.gov.kz веб-порталындағы «Жеке тұлғалар үшін алдағы төлемдер» қызметінде, сондай-ақ «e-Salyq Azamat» және екінші деңгейлі банктердің мобильді қосымшаларында орналастырылады.

Бұл ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы.

Налог на транспорт с физических лиц: что важно знать и когда платить?

Управление государственных доходов по Буландынскому району напоминает, что срок уплаты физическими лицами налога на транспортные средства за 2025 год истекает 1 апреля 2026 года.

При исчислении налога за 2025 год применяется месячный расчетный показатель в размере 3 932 тенге, действовавший в 2025 году.

Сумму налога на транспортные средства можно самостоятельно рассчитать с помощью калькулятора на веб-портале kgd.gov.kz и в мобильном приложении «e-Salyq Azamat».

При этом в целях определения сальдо расчетов налоговыми органами ежегодно производится исчисление налога на транспортные средства физических лиц за соответствующий год.

Также информация о сумме налога будет размещена в сервисе «Предстоящие платежи для физических лиц» на веб-портале kgd.gov.kz, а также в мобильных приложениях «e-Salyq Azamat» и банков второго уровня.

Управление государственных доходов по Буландынскому району.



Сыбайлас жемқорлық туралы жалпы түсінік және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері

Сыбайлас жемқорлық үнемі мұқият зерделеуді, жүйелі тәсілді, кешенді және жедел қарсы іс-қимылды талап ететін қазіргі қоғамның жағымсыз құбылысы болып табылады. Сыбайлас жемқорлық экономикалық дамуды тежейді, инвестициялық ахуалға теріс әсер етеді, елдің имиджін, Қазақстан Республикасымен ынтымақтастыққа халықаралық мүдделілікті төмендетеді. Осыған байланысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдығы болып табылады. Сыбайлас жемқорлық біздің мемлекетіміздің ғана емес, бүкіл әлемнің проблемасы болып табылады. Қазір барлық елдер, соның ішінде ең озық елдер, жаңа синтегеуріндерді ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің өз модельдерін қайта қарайды, сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілікті қатаңдату туралы жаңа заңдар мен нормаларды қабылдайды.

Қазақстан үшін сыбайлас жемқорлықты жеңу мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі болып табылады, оның басымдылығы Мемлекет басшысымен нақты белгіленген.

Біздің мемлекетімізде 1998 жылы «сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» және 1999 жылы «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңдары қабылданды. Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің пәрменді құралына айналған және мемлекеттік қызметшілердің мәртебесін, құқықтары мен міндеттерін, олардың моральдық-адамгершілік бейнесіне және іскерлік қасиеттеріне қойылатын талаптарды айқындаған «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы № 1567 Жарлығы. Барлық мемлекеттік органдар сыбайлас жемқорлыққа қарсы түрлі іс-шаралар салынған ведомстволық бағдарламалар мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жоспарларды қабылдайды. Бүгінгі күні Қазақстан Республикасында қандай да бір шамада сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске қатысты заңнама бар және дамуда, оған тікелей сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң, түрлі сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттік бағдарламалар кіреді, сыбайлас жемқорлық қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік көзделген.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономика құру, инвестициялар тарту процесін тежейді және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына теріс әсер етеді, елдің болашағы үшін елеулі қатер төндіреді.

Бұл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы.

Негативное явление современного общества

Коррупция является негативным явлением современного общества, требующим постоянного тщательного изучения, системного подхода, комплексного и оперативного противодействия. Уровень и масштабы существующей в стране коррупции сдерживают экономическое развитие, негативно отражаются на инвестиционном климате, снижают имидж страны, международную заинтересованность в сотрудничестве с Республикой Казахстан. В этой связи борьба с коррупцией является основным приоритетом государственной политики Казахстана. Коррупция является не только проблемой нашего государства, но и проблемой всего Мира. Сейчас все страны, включая самые передовые, пересматривают свои модели борьбы с коррупцией с учетом новых вызовов, принимают новые законы и нормы об ужесточении ответственности за коррупцию.

Для Казахстана преодоление коррупции является одним из главных направлений государственной политики, приоритетность которого четко обозначена главой государства. Коррупция есть злоупотребление служебным положением, политическим мандатом или своими должностными обязанностями с целью предоставления выгод другому лицу, совершенное по побуждению со стороны такого другого лица, или самими чиновниками по их собственной инициативе и ради получения выгоды для самих себя или третьих лиц, которое ведет или может вести к убыткам или иному ущербу для общества (в случае выполнения государственных или политических функций) или для отдельной компании (при исполнении функций предпринимателя), дача взятки, подкуп.

На сегодняшний день в той или иной мере в Республике Казахстан существует и развивается законодательство, касающееся борьбы с коррупцией, включающее в себя непосредственно антикоррупционный закон, различные антикоррупционные государственные программы, предусмотрена уголовная ответственность за коррупционные преступления. Уже на современном этапе заложены основы антикоррупционной политики.

Изучение антикоррупционной политики стран с наиболее низким уровнем коррупции показывает, что базовыми основами проводимых ими мер являются прозрачность деятельности государственных органов и неотвратимость наказания, организованный контроль со стороны гражданского общества за работой государственных органов, высокая заработная плата государственных служащих, эффективная профилактическая и упреждающая работа.

Коррупция тормозит процесс социально-экономического развития, строительства рыночной экономики, привлечения инвестиций и негативно воздействует на политические и общественные институты демократического государства, представляет серьезную угрозу для будущего страны.

Управление государственных доходов по Буландынскому району.

Қауіпті инфекция: сiбір жарасы туралы не білу қажет

Сiбір жарасы - қауіпті жұқпалы ауру (зооноз).

Нені білу керек?

- Инфекция көзі ауру жануарлар болуы мүмкін: ірі қара, қой, ешкі, жылқы және т. б.
- Адамдар инфекцияны ауру жануарлармен байланыс арқылы, ұшаларды, теріні өңдеу кезінде, ет кесу кезінде жұқтырады, микроорганизм споралары сақталуы мүмкін және топырақпен байланыста болуы мүмкін.
- Ауру адамнан адамға жұқпайды.
- Инкубациялық кезең - бірнеше сағаттан 14 күнге дейін, көбінесе 2-3 күн.
- Теріде кішкентай қызыл дақ пайда болуы мүмкін, ол тез қара қотырман жараға айналады (ауыртыпалықсыз қыртыс).
- Өкпе және ішекке қауіпті-инфекция тыныс алу жолдары немесе ас қорыту жолдары арқылы енеді.

Міндетті шаралар мен ұсыныстар:

- Жануардың жағдайы немесе ауруы кезінде-дереу ветеринарлық қызметке хабарлаңыз және қорғаныс құралдарынсыз (қолғап, арнайы киім) мәйітке қол тигізбеңіз.
- Жануарлардың мәйіттері мен ұшаның бөліктері мамандардың бақылауымен жойылуы (өртенуі) тиіс.
- Ауру жануарды оқшаулаңыз және оған адамдар мен басқа жануарлардың кіруін шектеңіз.
- Малмен, етпен, терімен жұмыс істейтін адамдарға қорғаныс құралдарын (қолғап, маска, жұмыс киімі) қолдануға және жұмыстан кейін қолды, киімді мұқият жууға кеңес беріледі.
- Ветеринарлық зерттеуден өтпеген жануарлардың етін қолданбаңыз.
- Симптомдар пайда болған кезде (қызба, терінің зақымдануы, жаралар) — дереу дәрігерге қаралыңыз.

Бұл ауданының ветеринарлық қызметі тұрғындардан өз жануарларына өте мұқият болуды сұрайды.

«Бұл ауданының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

* * *

Опасная инфекция: что нужно знать о сибирской язве

Сибирская язва — особенно опасное инфекционное заболевание (зооноз).

Что нужно знать?

- Источником инфекции могут быть больные животные: крупный рогатый скот, овцы, козы, лошади и др.
- Заражение человека возможно через контакт с больными животными, при обработке туш, шкур, при разделке мяса, при контакте с почвой, на которой могут сохраняться споры микроорганизма.
- Заболевание не передается от человека к человеку.
- Инкубационный период — от нескольких часов до 14 дней, чаще 23 дня.
- На коже может появиться небольшое красное пятно, которое быстро превращается в язву с темным струпом (безболезненная корка).
- Более опасны лёгочные и кишечные формы — при попадании инфекции в дыхательные пути или через пищеварительный тракт.

Обязательные меры и рекомендации:

- При падеже или болезни животного — немедленно сообщите в ветеринарную службу и не прикасайтесь к трупам без средств защиты (перчатки, спецодежда).
- Трупы животных и части туши должны быть уничтожены (сожжены) под контролем специалистов.
- Изолируйте заболевшее животное и ограничьте доступ к нему людей и других животных.
- Людям, работающим со скотом, мясом, кожей, рекомендуется использовать защитные средства (перчатки, маски, спецодежду) и тщательно мыть руки, одежду после работы.
- Не употребляйте мясо животных, не проверенных ветеринарной службой, особенно из частных источников.
- При появлении симптомов (лихорадка, кожное поражение, язва, сильное недомогание) — незамедлительно обратитесь к врачу. Ветеринарная служба Буландынского района просит жителей быть предельно внимательными к своим животным.

ГУ «Отдел ветеринарии Буландынского района».

ВПЧ под контролем: скрининг, вакцинация и защита

Вирус папилломы человека (ВПЧ) — это крайне распространенная инфекция (инфицировано до 70-80% населения), передающаяся половым и контактно-бытовым путем. Существует более 200 типов ВПЧ, некоторые из которых вызывают папилломы и бородавки, а высокоонкогенные (16, 18 типы) могут приводить к раку шейки матки, ануса и других органов.

Что такое ВПЧ и его типы

Определение: ВПЧ — это группа вирусов, поражающих кожу и слизистые оболочки, вызывая их патологическое разрастание.

Типы: Различают вирусы низкого онкогенного риска (вызывают бородавки, кондиломы) и высокого риска (могут вызывать рак).

Распространенность: Большинство сексуально активных людей сталкиваются с ВПЧ.

Как передается ВПЧ

Половой путь: Основной способ заражения (вагинальный, анальный, оральный секс).

Контактно-бытовой: Через микротравмы кожи, предметы гигиены.

Вертикальный: От матери к ребенку во время родов.

Симптомы и проявления

Часто вирус протекает бессимптомно. Проявления возникают,

когда иммунитет ослаблен, и включают:

Остроконечные кондиломы (венерические бородавки) в аногенитальной области.

Обычные бородавки, папилломы, плоские бородавки.

Дисплазия (изменение клеток) шейки матки.

Диагностика и лечение

Диагностика: Основной метод — ПЦР-тест (генотипирование ВПЧ) и жидкостная цитология (ПАП-тест) для женщин.

Лечение: Специфического лечения самого вируса не существует. Лечение направлено на устранение проявлений (удаление кондилом, папиллом) и поддержку иммунитета.

Вакцинация: Самый эффективный метод профилактики (наилучший возраст — до начала половой жизни).

Профилактика

ВПЧ-позитивный статус не означает автоматическое развитие рака, но требует контроля. Для снижения рисков рекомендуется:

Регулярный скрининг (ПАП-тест) с 30 лет (каждые 5-10 лет).

Использование презервативов.

Отказ от курения (увеличивает риск персистенции вируса).

О. БУКАРЬ, акушер-гинеколог Буландынской районной больницы.